

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

29.08.2022 ж

Қатысқандар саны-10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «МДМ жаңа оқу жылына дайындығы».

1. 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.
Меңгеруші А. Корабаева.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.
Меңгерушісі: А. Корабаева
3. Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспардың тақырыбы, бекіту).
Әдіскер: А. Корабаева

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А.Корабаева сөз алды. Кеңес бастамас бұрын қызметкерлерді жаңа оқу жылы бастауымен құттықтады және тілектерін айтты. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар мазмұнын баяндады. Балабақша Жылдық жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» №348 бұйрығымен 3 тамыз 2022 жылда бекітілген бойынша жоспарланды. Жаңа стандарт ұсыну алдында дамыту моделі бекітілді. Осы аталған модельдің басты міндеттерінің бірі инклюзивты білім беру, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету. Оны іске асыру алдында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында зерттеулер жүргізілді осындай көрсеткіштер бойынша:заттық-кеңестік орта, балалардың сөздік қоры, балалармен жұмыс кезені, өнер, музыка, рөлдік ойындар, математика, еркін ойын және т.б. жүргізілген зерртеулер бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып адами және ұлттық құндылықтарды дамыту. Педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі ерекшеліктер:

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту бағыттар бойынша болады:

- физикалық дағды
- коммуникативтық дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдылар;
- шығармашылық дағдылар
- элеуметтік дағдылар.

Стандарт талаптарына сәйкес Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктері ескертіліп кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Іс-әрекетіміз деген не ол мектепке дейінгі ұйымының жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарына, патриоттық сезімге, Отанға сүйспеншілік міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті, деп баяндады. Жоспар мазмұны талқылап, бекітуге ұсынды.

2.Тыңдалды: Педагогикалық кеңесте екінші мәселе бойынша ЖШС «Балым» МДШО меңгерушісі А. Корабаева еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздерінің нұсқауларымен қызметкерлерді таныстырып өтті, қол қойылды.

3.Тыңдалды: А. Корабаева «Балым» МДШО-ның әдіскері 2022 -2023 оқу жылында ұйымдастыратын іс әрекеттер кестесін топтардағы күн тәртібі мазмұндарымен таныстырды. Ұсынылған оқу іс әрекеттер кестесі мен күн тәртібі жаңа Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (ҚР оқу ағарту министрілігі 3.08 2022ж № 348бұйрығы) пен жаңа Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылғанын атап көрсетті.

Қаулы

- 1.Жылдық жоспарға сай іс әрекет кестесімен жұмыс жасалынсын.
2. Тәрбиешілердің айлық, апталық жоспарлары, циклограммалары өз уақытымен жазылғаның тексеру әдіскерге жүктелсін.
- 3.Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары бойынша ашық оқу іс-әрекеттер, ертеңгіліктер және т.б. уақытылы өткізілсін.

Кеңсе төрайымы:

Хатшысы:



А.М. Корабаева

С. Умирзакова

Педагогикалық кеңес отырысының

№2 хаттамасы

Шымкент қаласы

23 қазан 2023ж

Тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жаңа бағдары

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру мақсатында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

Қатысқандар: меңгеруші, педагог – мамандар

Күн тәртібінде:

1. «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» есеп беру
2. Жас мамандармен жұмыс
3. «Өз-өзінді таны» іскерлік ойыны

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.М.Корабаева сөйледі. Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді. Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог-ғалымдар «жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын- жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Өйткені, әрбір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс-әрекет пен күш-жігер жұмсалмаған ойын, жақсы ойын болып табылмайды. Жақсы ойын да жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рахатқа бөлейді. Демек, осы жағынан ойын мен жұмыстың ұқсастығы байқалады. Баланың ойынында да белгілі дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі

айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсерін ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық»-деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларға тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы-бүгінгі ұрпақтың өмірді танып, ой өрісінің өркен жайып рухани жетілуі үшін ойынның бала өміріндегі маңызы зор. Осы тұрғыда балабақшамызда күнделікті өмірде ойын түрлері көптеп ойналады. Топ тәрбиешілері ойын ұйымдастыруда шеберлік танытып жатқандығын атап өтті.

Жарыс сөзге: Балабақша тәрбиешісі Д. Умбетиярова сөз алды. Бала іс әрекеттерінде ойынның рөлі ерекше екенін айтып өтті. Күнделікті балаға ойын ойнату арқылы ой – өрісін, дүниетанымын дамыту керек екенін айтып өтті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақшамыздың әдіскері АМ.Корабаева сөз алды. Әрбір жас маманға тәлімгер тағайындап, олардың педагогикалық шеберлігін арттыру жолында жол көрсетіп жатқандығын айтып өтті. Жас маманның мамандығына кәсіби бейімделуі барысында олардың белсенділігін, мақсатты әрекетін, жоғары балабақшаның оқу-тәрбие процесінің «енуінің» шығармашылық сипатына әдістемелік бірлестік және маманның тағайындалған тәлімгері жол сілтейді. Осылардың нәтижесінде олар өздерін танытуға, еңбек процесінде өз орнын табуға қажетті біліммен сусындайды, пәнге деген қызығушылығы артады, таңдаған кәсібіне оң пікірі,

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогтар арасында іскерлік ойыны өтілетіндігі айтылды. Ойын жоспары бойынша 1. Ұйымдастыру кезеңі, 2. Шаттық шеңбері, 3. Өзінді тереңірек тани біл, 4. Сыйлық кімге бұйырады? ойыны, 5. Сергіту сәті, 6. Релаксация, 7. Кері байланыс орнату. Ойын мақсаты: педагогтар арасында қарым-қатынас нығайту, жағымсыз көңіл – күйден арылту, өзін – өзі бағалауын, шеберліктерін дамыту. Эмоцияналдық ауырлықтан арылту.

1. «Бала дене бітімінің қалыптасуында ойынның ролі» туралы есеп беруі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас мамандармен жұмыс өз дәрежесінде жүргізілсін.
3. «Өзін – өзі таны» іскерлік ойыны өз дәрежесінде өткізілсін.

ХАТШЫ:

С. Умирзакова



№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

09.12.2022 ж

Қатысқандар саны-10

Күн тәртібі:

1. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарларының жазылу барысын тексеру қортындысы әдіскер А. Корабаева.
2. «Қош келдің Жаңа жыл» атты сценарилармен танысу, бекіту Меңгеруші А. Корабаева
3. «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» дөңгелек үстел Педагогтар

1. **Тындалды:** Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша А. Корабаева «Балым» МДШО-ның менгерушісі сөз алып, биылғы оқу жылының бірінші жарты жылдықтағы топтарда ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарларының жазылуын тексеру бойынша жаңа бағдарламаға көшкенге байланысты әр топ перспективалық жоспарды негізге алғанын атады. Ұйымдастырылатын іс әрекеттер күн бойында өткізілетініне байланысты циклограмма жазу сапасы бағаланды. Қорытып айтқанда барлық топ жоспарлары талапқа сай деп қорытты.
2. **Тындалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева сөз алып алдымызда жаңа жыл мейрамы. Балалардың мерекелік костюмдер дайындығы туралы сұрады. Және ертеңгілік сценарилер жас ерекшеліктерге сай болуын ескертті. Топ тәрбиешілерге кележатқан жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізүлі кестесімен таныстырды. Топ тәрбиешілер өз құрған сценариларымен таныстырып, бекітуге ұсынды.
3. Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алып бастады; денсаулық бұл аурудың немесе физикалық ақаулардың болмау ғана емес, баланың толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған процесс. Денсаулық сақтау және нығайту мектепке дейінгі білім беру мекемесінде педагогикалық процессті ұйымдастырудың маңызды шарттары. Топ тәрбиешілері сөз алып өз ойларын айтты. Жотабай Н.: денсаулық сақтау технологиясын келесі түрлерін ажыратуға болады – медициналық профилактика, дене шынықтыру-сауықтыру, баланың әлеуметтік-психологиялық сақтау технологиясы. Тәрбиеші Асабаева Д: балабақшадағы денсаулық сақтау технологиялары- бұл ең алдымен

мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық мәдениетін тәрбиелеу технологиялары. Баланың денсаулығы мен өміріне саналы көзқарасын қалыптастыру. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру және денсаулығын нығайту мүмкіндігі туралы жұмыс жасау. Тәрбиеші Умирзакова С. Жыл сайын тәрбиеленушілерде суық тию және өзге сырқаттардың деңгейі төмендегенің айтты. Деп тәрбиешілер өз пікірлерін және тәжіребе алмасты.

Қаулы етеді:

4. Топ тәрбиешілері жоспар бойынша жұмыс жасасын .
5. Жаңа жыл ертеңгіліктері кесте және бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
6. Денсаулық сақтау технологиясын сақтау.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.М. Корабаева

С. Умирзакова

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

21.02.2023 ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

1. Аурудың алдын-алу. 2022-2023 оқу жылы балалардың ауырып қалуы бойынша талдау.
медбике Байдуанова П.Ж.
 2. Аралық мониторинг нәтижесі
әдіскер А.Корабаева
 3. «Ертегі әлемі» (есеп беру)
әдіскер А.Корабаева
-
1. Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі П. Байдуанова сөйледі: Балабақшадағы күн тәртібі тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған. Негізгі ұйымдастырушылық тұстары: тамақтану; гигиеналық дағдылар; ұйқыны ұйымдастыру; мәдени тәрбиелеу; физикалық дамуды ұйымдастыру; білім беру үдерісі. Балалардың дұрыс дамуы күн тәртібімен қамтамасыз етіледі. Балабақша үшін ұсынымдар мен талаптар санитарлық қағидаларға негізделіп, заңнамалық деңгейде бекітілген. Балабақшадағы топтың күн тәртібі балалардың жасына байланысты жасалады. Осы 2022-2023 оқу жылында біздің балабақшамызға келіп жүрген балалардың арасында суқтау және өзге сырқаттау азайғанын өз талдауын айттып кетті.
 2. Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері әр меңгерушісі А. Корабаева сөз алды: балабақша тәрбиеленушілер танымдық үрдістерін дамыту жолдарын айқындап көрсетуді атап өтті. Биылғы оқу үлгілік жоспар бойынша әр сабағымызды қызықты, ерекше өткізу үшін әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келді. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша аралық мониторинг жүргізуде өзгерістер болды. Аралық мониторинг балалардың дамуы нәтижелері жақсы деңгейді көрсетті.
 3. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева сөз алды. «Балым» балабақшамыздың жылдық жоспарындағы қыс мезгіліндегі ермектердің бірі «Ертегілер еліне саяхат» сахналық қойылымдың мақсаты балалардың ертегі арқылы

тілдерін дамыту, шығармашылығын дамыту, ертегіні мазмұнына сахналауға үйрету, рольде ойнау шеберліктерін жетілдіру, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Ертегілердің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақта, ол белгілі бір сюжетке құралады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе әділдік, үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табуымен аяқталады. Өкінішке орай, балалар кәзіргі кезде ғаламтордан, телевидение арқылы шетелдік мультфильм немесе көркем филмдер кореді, ал ертегіні барлық ата-ана оқып бере бермейды. Сол себептен бүлдіршіндердер белсенді қатысып қызығушылықтары артылады деген ой расталды. Барлық топтарада сахналық қойылымдар өткізілді, баалалар және тәрбиешілер шығармашылық өнерлерін көрсетіп белсенді қатысты, деп айтты.

Қаулы етеді:

1. Топ тәрбиешілер шынықтыру жұмыстыр жалғассын.
2. Балаларды түскі ұйқыға жатқызар кезде оларға ертегілерді оқып берілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.М. Корабаева

С. Умирзакова

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

21.04.2023 ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерің тексеру.
меңгеруші А.Корабаева
 2. Қорытынды ашық оқу қызметіне кесте құру, сценариларымен танысу,
бекіту
 3. МАД тобының қоштасу ертеңгілік сценариимен танысу, бекіту.
меңгеруші А.Корабаева
-
1. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері әр меңгерушісі А. Корабаева сөз алды: өткен пед кеңес бойынша қаралған мәселелер, оның ішінде күнделікті балалар түскі тәтті ұйқыға берілер алдында оларға ертегілер оқытылуы, және сабақтарда ертегілер кейіпкерлерді сомдау дұрыс жүргізілуі жолға қойылғандығын айтылды. Балабақша мамандарының барлығы жас маман деп есептелінбегендіктен, олармен үнемі тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіліп отырады. Шығармашылық білім саласы бойынша білім деңгейлері тексеріліп отырады. Тәжірибеде тәрбиешілер үнемі ізденісте болады, өздерінің білім деңгейлерін көтеруге мүмкіндіктерін пайдалана алады.
 2. Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева қорытынды ашық оқу қызметтеріне кесте құрылғанын айтты. Тәрбиешілер сценарийлерімен таныстырып бекітуге ұсынды.
 3. Тыңдалды: күн тәртібі бойынша үшінші мәселе бойынша мектепалды даярлық «Орленок» тобының қоштасу кешінің сценариімен топ тәрбиешісі таныстырды. Сценарий бекітілді.
Және әріптестер арасында әр түрлі маселелер талқыланды.

Қаулы етеді:

1. Ашық оқу іс әрекеттер уақытылы өтілсін.
2. Қоштасу ертеңгілік жоспар бойынша жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі:



А.М. Корабаева